

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МЕКТЕПКЕ ДЕЙИНГИ ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕ БІЛІМ БЕРУ
МИНИСТРЛІГІ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІ
АГЕНТТІГІНІҢ ҚҰЗЫРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК
ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҒАЛАУ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ

ЖАЛПЫ ОРТА ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕН ТЫС БІЛІМ БЕРУ
ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ПӘНІ
ОҚЫТУШЫЛАРЫН АТТЕСТАЦИЯДАН ӨТКІЗУ ҮШІН БІЛІКТІЛІК
СЫНАҒЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ
СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

ЖАЛПЫ ОРТА ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕН ТЫС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ПӘНІ ОҚЫТУШЫЛАРЫН АТТЕСТАЦИЯДАН ӨТКІЗУ ҮШІН БІЛІКТІЛІК СЫНАҒЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Бұл спецификация жалпы орта және мектептен тыс білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиетін оқыту пәні оқытушыларын аттестациядан өткізу біліктілік сынағында пайдаланылатын тест тапсырмаларының мазмұнына, қамтылуына, түріне, пішініне, бағалау өлшеміне және өткізілу тәртібіне қойылған талаптарды өз ішіне алады.

I. Жалпылама қағидаттар

Бағалау мақсаты – үміткерлердің қазақ тілі мен әдебиеті пәндері, кәсіби стандарттары және педагогикалық шеберліктері бойынша теориялық білімдері, практикалық дағдылары мен компетенцияларын кешенді бағалау.

Аталмыш бағалаудың нәтижелері бойынша педагог кадрлардың аттестациясына қабылданатын шешімдердің негізді болуын қамтамасыз ету мақсатында бағалаудың барлық кезеңдерінде негізділік, сенімділік, әділдік, ашықтық қағидаттарының сақталуы қамтамасыз етіледі.

II. Нормативтік негіздер

1. Өзбекстан Республикасы Президентінің “Мектепке дейінгі және мектепте білім беру министрлігі және оның жүйесіндегі ұйымдардың қызметін тиімді ұйымдастыру іс-шаралары туралы” 2023 жыл 26 майдағы РҒ-79-санды Жарлығы.

2. Министрлер Кабинетінің 2021 жыл 17 сентябрьдегі “Мектепке дейінгі, жалпы орта, орта арнаулы, профессионал және мектептен тыс білім беру ұйымдарының педагог кадрларын аттестациядан өткізу тәртібін жетілдіру іс-шаралары туралы” 572-санды Қаулысы.

3. Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 2023 жыл 29 декабрьдегі “Мектепке дейінгі, жалпы орта, орта арнаулы, профессионал және мектептен тыс білім беру ұйымдарының педагог кадрларын аттестациядан өткізу тәртібі жетілдірілуіне байланысты Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің “Мектепке дейінгі, жалпы орта, орта арнаулы, профессионал және мектептен тыс білім беру ұйымдарының педагог кадрларын аттестациядан өткізу тәртібін жетілдіру іс-шаралары туралы” 2021 жылғы 17 сентябрьдегі 572-санды қаулысына өзгерту мен қосымшалар енгізу туралы” 692-санды Қаулысы.

III. Бағалау ауқымы

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушылары үшін мамандық пәндерінен 35, кәсіби стандарттардан 5, педагогикалық шеберліктен 10, жалпы 50 тест тапсырмасы ұсынылады және әрбір тест тапсырмасын орындау үшін 105 минут уақыт бөлінген. Мұнда жабық тест тапсырмаларынан (*бір дұрыс жауапты талап ететін тест тапсырмалары (Y1), сәйкестендіруді қажет ететін тест тапсырмалары (Y2) және реттікті талап ететін тест тапсырмалары (Y3)*) пайдаланылады. Мамандық пәндерінен құрастырылған тест тапсырмаларының салалық мазмұны мен бағаланатын білім және дағдылары бойынша бөлінуі төмендегі кестеде көрсетілген:

Мамандық пәндерінен құрастырылатын тест тапсырмаларының салалық мазмұны мен бағаланатын білім және дағдылары бойынша бөлінуі

1-кесте

Тиісті сала	Білім мен дағдылар	Тест саны
1.ҚАЗАҚ ТІЛІ		20
1.1. Оқу сауаттылығы (1 – 5 сұрақтар)		
Ғылыми-әмбебап мәтінді оқып түсіну	<i>- мәтіннің негізгі идеясы, мақсаты және аудиториясын, автор ұстанымын танып-білу; - вербалды және визуалды мәліметтерді біріктіру және қорытынды шығару; - мәліметтерді сипаттау, салыстыру және топтастыру; - мәтіндегі факт және пікірді ажырата алу; - себеп-салдар және үдерістер бірізділігін түсіну; - мәтіннің құрылымын талдау және мәтін бөліктері арасындағы байланыстарды білу</i>	5
1.2. Тілден іс жүзінде пайдалану (6 – 13 сұрақтар)		
Дыбыстау және емле	<i>- әріптер, негіз және қосымшалардың айтылуы мен емлесін білу және пайдалана алу; - қосып, ажыратып, сызықшамен жазу ережелерін білу және пайдалана алу; - бас әріптер емлесі мен жазу ережелерін білу және пайдалана алу; - фонетикалық өзгерістер (дыбыстың көтерілуі, алмасуы және түсуін) ажырата алу;</i>	3
Пунктуация	<i>Жазбаша сөйлеуде тыныс белгілерін (сұрақ, леп белгісі, көп нүкте; үтір, тире, екі нүкте; нүктелі үтір, жақша, қос тырнақ) дұрыс қолдана білу;</i>	2

<p>Стилистика</p>	<ul style="list-style-type: none"> - қосымшалардың контекстегі мағынасы және қызметін түсіну, ажырата алу және дұрыс қолдану; - сөздердің контекстегі мағынасы мен қызметін түсіну, ажырата алу және дұрыс қолдану; - сөз тіркестерінің контекстегі мағынасы мен қызметін түсіну, ажырата алу және дұрыс қолдану; - берілген жағдайға сай сөйлеу үлгілерін таңдау. 	<p>3</p>
<p>1.3. Тіл теориясы және лингвистикалық талдау (14 – 20 сұрақтар)</p>		
<p>Лингвистикалық талдау</p>	<ul style="list-style-type: none"> - мәтінді қазақ әдеби тілі фонетикалық өлшемдері негізінде талдау; - мәтінді қазақ әдеби тілі лексикалық өлшемдері негізінде талдау; - мәтінді қазақ әдеби тілі морфемикалық өлшемдері негізінде талдау; - мәтінді қазақ әдеби тілі морфологиялық өлшемдері негізінде талдау; - мәтінді қазақ әдеби тілі синтаксистік өлшемдері негізінде талдау. 	<p>7</p>
<p>2.ӘДЕБИЕТ</p>		<p>15</p>
<p>2.1. Көркем мәтінді талдау (21 – 25 сұрақтар)</p>		
<p>Көркем мәтінді (проза, драма) талдау</p>	<ul style="list-style-type: none"> - үзіндінің жалпы мағынасын түсіну - ашық айтылмаған ойларды, идеяларды түсіну -үзіндінің әдеби түрі мен жанрлық ерекшеліктерін анықтау - авторлық стиль ерекшеліктеріне талдау жасау - көркем сөз құралдарын табу, олардың мақсаты мен оқушыға әсерін талдау -үзінді негізінде образдарға түсінік беру 	<p>5</p>
<p>2.2. Әдебиет тарихы (26 – 33 сұрақтар)</p>		
<p>Ұлттық әдебиет</p>	<ul style="list-style-type: none"> - жалпы орта білім беру бағдарламасына енгізілген қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін түсіну, талдау және бағалау - жалпы орта білім беру бағдарламасына енгізілген проза үлгілерін түсіну, талдау және бағалау - жалпы орта білім беру бағдарламасына енгізілген драммалық үлгілерді түсіну, талдау және бағалау 	<p>6</p>

Әлем әдебиеті	- жалпы орта білім беру бағдарламасына енгізілген әлем әдебиеті тарихында маңызды орын алатын эпикалық және драмалық шығармаларды түсіну, талдау және бағалау - әлем әдебиеті тарихында маңызды орын алатын лирикалық шығармаларды түсіну, талдау және бағалау	2
2.3. Әдебиет теориясы және көркемдік талдау (34 – 35 сұрақтар)		
Классикалық лирикалық талдау	-шығарманың жанрын, өлшемін және ұйқасын анықтау; - өлеңдегі бейнелер мен белгілерді түсіну; - көркем шығармаларды талдау.	2
	Жалпы	35

Мамандық пәнінен тест тапсырмаларын жасауда қолданылатын мәтіндерге қойылатын талаптар төмендегі кестеде көрсетілген:

2-кесте

Р/С	Мәтіндер	Мазмұндық талаптар	Көлемге қойылатын талаптар
1	Ғылыми-әмбебап мәтін	<i>Академиялық стильде жазылған, белгілі салаға арналған, кең аудиторияға (маман болмаған) көзделген, графикалық элементтерді де өз ішіне алған ғылыми-әмбебап мәтін (тест тапсырушы үшін бейтаныс, оқулықтарға енгізілмеген)</i>	350-500 сөз
2	Көркем мәтін (проза, драма)	<i>Қазақ тілінде жазылған (немесе аударылған) көркем мәтін (прозалық немесе драмалық шығармадан үзінді) (тест тапсырушыға таныс емес, қазіргі оқулықтарға енген)</i>	350-500 сөз

Кәсіби стандарттар және педагогикалық шеберліктен құрастырылатын тест тапсырмаларының салалық мазмұны мен бағаланатын білім және дағдылары бойынша бөлінуі

3-кесте

1. КӘСІБИ СТАНДАРТ (36 – 40-сұрақтар)		5
1.1. Кәсіби стандарттар	– педагогтың кәсіби стандарттарын білу (оқу процесін жоспарлау, білім берудің тиімділігін қамтамасыз ету, кері байланысты бағалау және қамтамасыз ету, тәрбиелік қызметті ұйымдастыру, қауіпсіз дамытушылық білім беру ортасын құру және қамтамасыз ету, өзін-өзі дамыту және кәсіби өсу, әріптестерімен және оқушылардың ата-аналарымен ынтымақтастық жасау) және оларды педагогикалық жағдайларда қолдана алу.	5

2. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК (41 – 50-сұрақтар)		10
<p>2.1. Жалпы педагогика</p>	<ul style="list-style-type: none"> – педагогика, дидактика, тәрбие және жастар психологиясының негіздерін, тәсілдері мен принциптерін білу және берілген жағдайға ең қолайлысын таңдай алу; – педагогиканың қағидаларын (саналылық пен белсенділік, көрнекілік, жүйелілік пен заңдылық, ғылымилық, теория мен практиканың бірлігі, т.б.) білу және берілген жағдайға ең қолайлысын таңдай алу; – тәрбие түрлерін және олардың айырмашылығын білу және берілген жағдайға сәйкес келетінін таңдай алу; – сабақты және оның түрлерін білу, нақты жағдайларда сабақты жоспарлау, ұйымдастыру және сыныпты басқару тәсілдерін қолдана алу; – сынып жетекшісінің құқықтары мен міндеттерін білу, сынып құжаттарымен жұмыс істей білу, оларды жүргізуде дұрыс дәйектілікті сақтау, сынып ұжымын дұрыс қалыптастыру, қарым-қатынаста педагогикалық әдеп ережелерін сақтау, ата-аналармен ынтымақтастықтың тиімді нысандарын таңдау, проблемалық жағдайда ең дұрыс стратегиялық тәсілді қолдану; – педагогикалық этика негіздерін білу, сөйлеу, әдістеме, шығармашылық, педагогикалық әдептілік, білім/компетенттік, қарым-қатынас мәдениеті, әдептілік/сыпайылық, креативтік, рефлексия, сондай-ақ кәсіби өсу негіздерін білуі және берілген жағдайға ең қолайлысын таңдай алу; – педагогикалық қабілеттер мен олардың түрлерін (дидактикалық қабілеттер, академиялық қабілеттері, байқағыштық-педагогикалық қабілеттер, сөйлеу мәдениеті, ұйымдастырушылық қабілеттер, коммуникативті қабілеттер, авторитарлық қабілеттер және т.б.) білу және оларды нақты жағдайларда қолдана алу, – білім беру технологияларын білу (жобаға негізделген оқыту, проблемалық оқыту, ынтымақтастықтағы оқыту, эвристикалық оқыту, тұлғаға бағытталған оқыту, интерактивті оқыту, саралап оқыту, кіріктірілген оқыту, ойын негізінде оқыту, инклюзивті оқыту және т.б.) және жағдайға ең қолайлысын таңдай алу; 	7
<p>2.2. Қазақ тілін және әдебиетін оқыту методикасы</p>	<ul style="list-style-type: none"> – пән саласы бойынша оқытудың тәсілдерін, әдістемелерін және технологияларын білу; – пән саласы бойынша оқыту әдістері мен тәсілдерін ажыратып, берілген жағдайға сәйкес келетінін таңдау; – берілген пәндік саладағы білім беру жағдайына қатысты қабылданған шешімдерді бағалау. 	3

Тест тапсырмаларының когнитивтік дағдылар бойынша бөлінуі төмендегі кестеде көрсетілген:

Когнитивті дағдыларды бөлу

4-кесте

Р/с	Когнитивті деңгей	Түсіндіру	Тест саны
1	Білу	Пәнге қатысты теориялық мәліметтерді, терминдерді, ережелерді, ұғымдарды есте сақтау, олардың мағынасын, мақсатын және қолданылуын түсіну	8
2	Қолдану	Білім мен түсініктерін жаңа (таныс емес) контексттерде қолдана білу	35
3	Пайымдау	Факттерді, дәлелдерді, пікірлерді салыстыру, талдау, болжау және қорытынды жасау	7

IV. Бағалау өлшемі

Тест тапсыратындардың жалпы балын есептеу үшін әрбір дұрыс жауапқа 2 балл, дұрыс емес жауапқа 0 балл беріледі. Мамандық пәнінен максимал балл 100 балды құрайды.

V. Емтихан тәртібі

Тыйым салынған құралдар: емтихан кезінде ұялы телефондар, ақылды сағаттар, планшет немесе электрондық жазбалардан пайдалануға тыйым салынады.

Тәртіп-ереже: нұсқа көшіру, көмек сұрау немесе көмектесу, емтихан барысында сөйлесу, рұқсатсыз шығу сынды жағдайларға тыйым салынады.

Бақылаушы ереже бұзғандарды анықтаған кезде оны ресімдейді, үміткерді тестілеуден шеттетеді және нәтиже жойылады.

VI. Инклюзия және бейімдеу

Арнайы білім беруге қажеттіліктері бар үміткерлер үшін қосымша (жалпы уақыттың 15 пайызы) уақыт қосып беріледі. Сондай-ақ тапсырмалардың берілу формасы мен түрі де оларға ыңғайлы және қолайлы түрде беріледі.

Көру қабілеті бұзылған үміткерлерге сұрақтарды оқу үшін арнайы техникалық көмекшісімен келуге рұқсат етіледі, бірақ оларға сұрақтың дұрыс жауабын айтуға тыйым салынады.

VII. Ұсынылатын негізгі әдебиеттер

Қазақ тілі

1. Қазақ тілі, 5-сынып. У.Байқабылов, Г.Нишанова, М.Темірбаева. Ташкент.

«Өзбекстан», 2020.

2. Қазақ тілі, 6-сынып. У.А.Байкабылов, Д.Дүйсебаева, А.Ж. Үмбетова, Г.А.Нишанов. Ташкент – 2022.
3. Қазақ тілі, 7-сынып. Д.Айтбаев, Г.Айтбаева, Б.Темірбаев. Ташкент – 2022.
4. Қазақ тілі, 8-сынып. Д.Айтбаев, Г.Айтбаева, М.Темірбаева. Ташкент. «Өзбекстан», 2019.
5. Қазақ тілі, 9-сынып. С.Аманжолов, Ә.Хасенов, И.Ұйықбаев, Д.Айтбаев, Е.Айманов. Ташкент. «Өзбекстан», 2019.
6. Қазақ тілі, 10-сынып. Д.Айтбаев, Г.Айтбаева, Ж.Әбдираймова. Ташкент– 2022.
7. Қазақ тілі, 11-сынып. Д.Айтбаев, Г.Айтбаева, Р.Мырзахмедова, Б.Уразов. Ташкент– 2018.

Әдебиет

1. Әдебиет, 5-сынып, С.Досымбетова, А.Тәжібаева, А.Үмбетова. Ташкент. «Өзбекстан», 2024.
2. Әдебиет, 6-сынып. Е.Абдувалитов, Д.Дүйсебаева, С.Досымбетова, А.Бектаев. «Өзбекстан», 2022.
3. Әдебиет, 7-сынып. Қ.Сейданов, Қ.Башаров, Б.Сайфуллаев, Б.Юсупов. Ташкент – 2022.
4. Әдебиет, 8-сынып Н.Абдувалитов, Б.Юсупов. Ташкент — 2025.
5. Әдебиет, 9-сынып. Б.Оразов, С.Досымбетова, Ғ.Рахымбаев. Ташкент 2025.
6. Әдебиет, 10-сынып. Қ.Сейданов, А.Бектаев, Т.Ахметов. Ташкент, «Өзбекстан», 2022.
7. Әдебиет, 11-сынып. Қ.Сейданов, Ө.Байқабылов, Г.Айтбаева. Ташкент – 2018.

Педагогика және кәсіби стандарттар

1. Mavlonova R.A., Umumiy pedagogika. Darslik. – Toshkent: Fan va texnologiyalar, 2018. – 528 b.
2. Xoliqov A. Pedagogik mahorat. Darslik, – Toshkent: “Bayoz” nashriyoti, 2025. – 504 b.
3. Tolipov O‘., Ro‘ziyeva D. Pedagogik texnologiyalar va pedagogik mahorat. O‘quv qo‘llanma. – Toshkent: “Innovatsiya-ziyo” nashriyoti, 2019. – 276 b.
4. Umumiy o‘rta ta’lim maktab o‘qituvchisi kasb standarti.
5. Абдувалитов Е.Б. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – Ташкент: Bookmany print, 2022. – 132 б.
6. Дүйсебаева Д., Сайфуллаев Б. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Ташкент: Bookmany print, 2024. – 218 б.

Ескерту: *тест тапсырмаларының мазмұны ұсынылған әдебиеттерде көрсетілген мазмұнға, принциптерге және тәсілдерге сәйкес жасалған, бірақ тест тапсырмалары тікелей дереккөздерден алынбайды. Біліктілік тестіне дайындалу барысында ұсынылатын әдебиеттер есте сақтау көзі ретінде қызмет етуден гөрі жалпы кәсіби дайындықты күшейтуге бағытталған.*